




Керек дерек



eGov.kz порталын пайдаланушылар көлік құралын басқаруға жарамды екенін растайтын 073/е нысанындағы медициналық анықтаманы енді онлайн ала алады.

Жаңа функция жүргізуші куәлігін ресімдеу, ұзарту, қалпына келтіру үдерісін айтарлықтай жеңілдетеді. 073/е нысанындағы медициналық анықтама – барлық жүргізушіге міндетті құжат. Ол көлік

құралын басқаруға қарсы көрсетілімдердің жоқ екенін растайды. Бұрын азаматтар бұл анықтаманы төрт маманнан медициналық тексерістен өтіп барып қана қағаз алатын. Енді пайдаланушылар медициналық тексерістен өткеннен кейін анықтаманы электрондық форматта алады. Ал цифрлық құжат автоматты түрде бірыңғай деректер қорында сақталады.

Қызметті пайдалану үшін eGov.kz порталына тіркеліп, «Денсаулық», «Медициналық көмек» бөліміне өту қажет. «№073/е нысаны бойынша медициналық анықтама беру» қызметін таңдап, өтінішке қол қою қажет. Анықтама оны алған сәттен бастап бір жыл бойы жарамды.

ІІМ шетелдегі Қазақстан азаматтарына үндеу жасады

Ішкі Істер министрлігі шетелдегі Қазақстан азаматтарына алаяқтықтың жаңа түрі туралы ескертті.

«Біздің мыңдаған азаматарымыз шетелдерде оқуда немесе жұмыста. Олар өздерді байланыстырмай, алаяқтар криптовалюта сатумен айналысатын адамдардың немесе дроптардың шоттарын жібереді. Түскен қаражатты алғаннан кейін олар хат-хабарларды өші-

реді. ІІМ мәліметінше, осылай алдау жағдайлары Кореяда, Қытайда, АҚШ-та болған. «Азаматтарды сақ болуға және күмәнді ұсыныстарды қабылдамауға шақырамыз», деді ведомство өкілдері.

«Созақ үні»-ақпарат.



Мемлекет басшысы Жоғарғы Сот төрағасын қабылдады

Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі жазды.

Президентке сот жүйесі қызметінің былтырғы қорытындылары туралы мәлімет берілді. Асламбек Мерғалиевтің айтуынша, азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықтарын, еркіндігін және заңды мүдделерін қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету сот жұмысының басымдығы саналады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа қаралған істер мен материалдар санының ұлғайғаны, сондай-ақ соңғы 5 жылда сот төрелігін жүзеге асыру сапасының ең жоғары көрсеткішіне (жергілікті соттар-

дың сот актілерінің 98,9 пайызы заңды әрі негізі бар деп танылды) қол жеткізілгені жөнінде баяндалды.

Азаматтық және әкімшілік істер бойынша сотқа дейінгі татуласу рәсімдері көптеп қолданылып жатыр. Алқабилердің қызыреті кеңейіп, олар қарайтын істердің саны (147-ден 261-ге дейін) екі есеге өсті.

Жоғарғы Сот төрағасы салаға жасанды интеллект технологияларын енгізу жайында айтты. Бұл әдіс біркелкі сот практикасын қалыптастыруға, судьялардың жұмысын айтарлықтай жеңілдетуге ықпал етеді

(материалдар мен істердің үштен бір бөлігі, яғни 2 миллион істің 665 мыңы роботты техниканы қолдану арқылы қаралды).

Асламбек Мерғалиев судьялардың дербестігін нығайту мен әкімшілік әділет саласын кеңейтуге бағытталған заң шығару бастамалары, сондай-ақ кассациялық соттар құру туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы заң үстемдігін қамтамасыз етудің және қоғамның соттарға сенімін арттырудың маңызын атап өтті.

Былыр елімізде түрлі топтағы мүгедектерге, сондай-ақ асыраушысынан айырылғандарға мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды төлеуге республикалық бюджеттен 613,1 млрд теңге бөлінді. Бұған қоса Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбекке қабілеттілігінен айырылғандар мен асыраушысыз қалған қамқөңіл жан-



деңгейіне байланысты болады.

Бұдан бөлек, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік тәуекелдер туындаған жағдайда мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төлемдер аударылады. 2024 жылы 102,3 мың адам еңбек ету қабілетінен айырылғандықтан әлеуметтік төлем алса, 67,9 мыңға

Әлеуметтік төлем сомасы артты

дарға 80,3 млрд теңге әлеуметтік төлемдер аударылды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, былтыр мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы (МӘЖ) мүгедектігі бойынша 552,3 мың адамға, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша 193,9 мың адамға берілген.


Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері мүгедектіктің тобына, себебіне қарай белгіленеді. Сондай-ақ тиісті қаржы «Республикалық бюджет туралы» заңда белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің мөлшеріне байланысты есептеледі.

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері қайтыс болған асыраушысы ажалының себебіне, қамқорлығындағы адамдардың санына, әрі ең төмен күнкөріс

жуық отбасына асыраушысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлем берілген.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінің ұлғаюына байланысты 6,5%-ға өсті. Үкіметтің шешімімен еңбекке қабілеттілігінен, асыраушысынан айырылу бойынша МӘСҚ-дан төленетін төлемдердің мөлшері де 6,5%-ға артты. Осылайша, мүгедектігі бойынша МӘЖ мөлшері I топ үшін – 101 702 теңге, II топ үшін – 81 362 теңге, III топ үшін 55 474 теңгеге жетті.

Биылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша еңбекке қабілеттілігінен айырылу бойынша әлеуметтік төлемдердің орташа мөлшері 60 407 теңге, асыраушысынан айырылу бойынша 64 772 теңге болды.



ра Telegram және WhatsApp чаттарын құрып, ақпарат алмасып, бір-біріне көмектеседі. Мұны алаяқтар да пайдалануы мүмкін. Қаскөйлер осындай чаттарға қосылып, өздерін Қазақстан азаматы ретінде таныстырып, әдеттегіден тиімді шарттармен валюта айырбастау қызметін ұсынады. Бірақ ақшаны ауыстырғысы келетін-

ріп, чаттардан шығып кетеді», делінген хабарламада.

ІІМ мәліметінше, осылай алдау жағдайлары Кореяда, Қытайда, АҚШ-та болған.

«Азаматтарды сақ болуға және күмәнді ұсыныстарды қабылдамауға шақырамыз», деді ведомство өкілдері.

ЖУАНТӨБЕ АУЫЛЫНДА СУ БӨГЕТІН ЖАҢАРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ТОЛЫҚ АЯҚТАЛДЫ



Жуантөбе ауылының аумағында Шу өзенінің солтүстік бетінде орналасқан ескі бөгетті жаңарту жұмыстары толық аяқталды. 2 шақырымнан астам бөгет қайта

қалыпқа келтірілді. Су тасқынынан алдын алу мақсатында жүргізілген шаралар ауыл тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталды.

Осы ретте, аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов Жуантөбе ауылына арнайы барып, атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша жиын өткізді. Жиын барысында ел қауіпсіздігі үшін атқарылған ауқымды шараларға барынша қолдау көрсеткен барлық мекемелер мен көлік жүргізуші машинисттерге, сондай-ақ ауыл тұрғындарына ерекше алғысын білдірді.

Көлік жүргізушілерін ерекше кәсіби шеберлік танытып, белсенділікпен қатысқандары үшін аудан әкімінің арнайы алғыс хатымен марапаттап, құрмет көрсетті.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.



АУДАНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ НИЯЗӘЛІ ДҮЙСЕНБЕККЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ауданның Құрметті азаматы, ұзақ жылдар бойы қоғамға қызмет еткен зейнеткер Ниязәлі Дүйсенбекті қабылдап, құрмет көрсетті. Жемісті еңбегі мен аудан өміріне қосқан үлесін жоғары бағалап, зейнеткерлікке шығуымен құттықтады.

«Ұзақ жылғы еңбегіңіз бен білім-ғылымдағы жетістіктеріңіз қоғам үшін мәңгілік мұра болып қалады. Қызмет жолыңызда қол жеткізген нәтижелер мен жоғары адамгершілік қасиеттеріңіз жас ұрпақ үшін үлгі-өнеге болары сөзсіз. Зейнеткерлікке шығуыңыз – жаңа кезеңнің бастамасы, бірақ сіздің аудан өміріне қосқан үлесіңіз ешқашан ұмытылмайды. Алдағы өміріңізде тек денсаулық пен бақыт тілеймін», – деді аудан басшысы. Еркін тақырыпта пікір алмасып, ауданның даму қарқынын еселеуге бағытталған жоспарлары жайында сөз қозғады. Ниязәлі Омарбекұлы көрсетілген құрметке алғысын білдіріп, өз ойымен бөлісті.

ПОЭЗИЯ АЛЫБЫ



Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің Қызмешек кентінің жастар ісі жөніндегі әдіскері С.Маратқызының ұйымдастыруымен «Мұқағали-поэзия алыбы» атты әдеби шығармашылық кеш өтті.

Шараның негізгі мақсаты ақиық ақын, артына айрықша өшпейтін із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау, халыққа кең таралуының мәні және оның өміршеңдігінің сыры неде екенін таныту, сезіндіру, шығармашылығының музыкасымен үндесу ерекшелігін,

ақынның сөзіне жазылған әндері көпшілік назарына ұсыну болды.

Әдеби кешке Л.Бөкенов атындағы жалпы орта мектебінің 10-11 сынып оқушылары белсене қатысып, мектебіміздің музыка пәнінің ұстазы Жүнісова Айман апайымыздың шәкірттері өз өнерлерін көрсетті.

Кеш соңында тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Динара апайымыз сөз сөйлеп, белсенді қатысқан оқушыларға өз алғысын білдірді. Кеш жақсы деңгейде өтті.

«Созақ үні»-ақпарат.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы



Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру барысында 2025 жылдың 17 қаңтар күні «Әкелер мектебі» кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес «Әкенің төріне сенбе, еңбегіне сен!» тақырыбында мектеп оқушыларының әкелерімен кездесу өткізілді. Кездесуге мектеп-лицей директоры А.Асқанбекова, «Әкелер мектебі» кеңесінің

төрағасы Б.Жандаулетов, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар, мектеп психологы, мектеп оқушыларының әкелері және сынып жетекшілер қатысты.

Кездесуде Б.Жандаулетов отбасындағы және бала тәрбиесіндегі әкенің орны қандай болу керекті туралы өз ойын айтып өтті.

Мектеп-лицей директоры А.Асқанбекова өзінің сөзінде бір әкенің тәрбиесін жүз

мектепте бере алмайтынын айта отырып, әке туралы өзінің ой-пікірін айтып өтті.

Әке - ұлы күш пен сабырлықтың иесі іспеттес. Әке баласының физикалық және рухани тұрғыдан мықты болып өсуіне көп мән беру керек. Сондай-ақ ұқыптылық, адалдық, мейірімділік, өзгелерге жақсылық жасау секілді адами қасиеттерді әке өзінің іс-әрекеттерімен көрсете білсе, бала санасында мәңгі есте қалар еді деп өзінің сөзін қорытындылай келе, мектеп директоры бүгінгі кездесуге келген оқушыларымыздың әкелеріне өз алғысын білдіріп, алдағы уақытта бала тәрбиесіндегі атқарылатын жұмыстарды бірлесіп жүзеге асыруға шақырды.

Төлеген ҚАЙДЕКЕШОВ, Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицей директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

АУЫЛДАРДЫ КЕШЕНДІ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ШАРАЛАР ПЫСЫҚТАЛДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен кезекті аппарат мәжілісі өтті. Мәжілістің күн тәртібіндегі басты мәселе – аудандағы бюджеттің атқарылуы және индикаторлық көрсеткіштердің орындалу барысы жайында аудан әкімдігінің эко-

әкімдеріне ауылдарды кешенді түрде дамытуға бағытталған шараларды қолға алып, жұмысты үйлестіруді және ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға арналған нақты жоспарларды жүзеге асыруды қатаң ескертті.



номика және қаржы бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков баяндама жасады.

Аудан басшысы аталған мәселеге жан-жақты тоқталды. Индикаторлық көрсеткіштерді уақытында әрі сапалы орындау үшін жауапты мамандарға нақты тапсырмалар жүктеді. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырудағы тиімділікті арттыру мен алдағы кезеңдегі жұмыс жоспарларын дұрыс ұйымдастыру қажеттігін айтты. Ауылдық округтер мен кент

Күн тәртібінде қаралған екінші мәселе бойынша Созақ аудандық «Мансап» орталығының 2024 жылдың қорытындысы бойынша атқарған жұмыстары туралы аудандық «Мансап» орталығының директоры Абай Көбенов хабарлама жасады.

Жиынды қорытындылаған аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы күн тәртібінде қаралған мәселелерге салғырттық танытпай, жауапкершілікпен жұмыс істеу қажеттігін атап өтті.

Дін және жастар

Жастар - кез-келген қоғамның алға сүйреуші локалативі. Қандай да бір ортада болмасын белсенділік танытып, жұмылған жұдырықтай болып кірісе кететін де тағы да жастар. Отан қорғау үшін де жастар әскер қатарына алынып жатады. Спортта, өнерде, бизнес саласында да жастардың үлес салмағы басым. Тіпті сонау 1986 жылдың 16 желтоқсанының қымыр, сары аясында мұздай су шашып, темір таяқ пен күректен бас жарылып, тепкінің астында қалғанда да қазақтың егемендігі болсын деп шыққан да сол жастар болатын. Ажалы келерін білсе де тәуелсіздікті мұрат етіп бұл жалғанмен қоштасты. Себебі ақын Мағжан Жұмабаев «Мен жастарға сенемін» атты өлең жолдарында бұй дейді:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты —
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!

1991 жылы әлем картасының 6/1 бөлігін алып жатқан, билігі 70 жылға созылған, күні келмекке кеткен КСРО құлап, тарих сахнасына 16 республика келді.

Соның бірі жаңа Тәуелсіз, Егеменді Қазақстан Республикасы. Ақ түйенің қарыны жарылып, аузы аққа жарыған кездер болатын. Жер-жерде жабылып қалған мешіттер қайта ашылып ел игілігіне қызмет етіп жатты. Бірақ, 70 жылдық ашық вакуумның орынын толтыруға шеттен келген, намаз оқиды деген аты болмаса дәстүр-салты, ой-жүйесі, таңым-түсінігі қазақ халқына мүлдем жат діни деструктивті ағымдар кіріп келді. Алғашында кім намаз оқыса соның артынан құлай бет ретін кездерде оларды ешкім айырып, танып жатпады. Нағыз бүлік, отанына аш қасқырдай тиетін, тілсіз жаудап лап қоятын сол дінді теріс ұстанған топтардан келерін сол уақыттарда бірі түсініп, бірі түсінбеді. Қазақстан Республикасының аумағындағы террорлық актілердің барлығы өз отанымызда туып, суын ішіп, ауасын жұтып, топырағында аунап өскен сол теріс діни бағытты ұстанған жастардың қолымен жасалынды. Соның бір айғағы кешегі күнгі Алматымен басқа қалаларда орын алған террористік оқиғалар. Әрине шетелден келген террористік топтарды қоспағанда өз отанынан шыққан террорларды көргенде жүрегіңе ауыр соққы болып тиеді екен. Арда Алаштың баласы мұндай жағдайға қалай ғана жетті десеңші?! Ол тек қана діни білімсіздіктің салдары. Құран мен сүннетте келген үкімдерді дұрыс түсінбеу. Ал бұның арты өз елін тәрк етіп, өзге елден бақыттың кілтін іздеуге кеткен кешегі Сирия асқан жас отбасылар. Мұның барлығы отан үшін от кешкен, қара-қазан, сары баланың қамы үшін деп атқа қонған кешегі ер Түркінің ұрпағы болған батыр бабаларымздың сүйегіне таңба болмақ. Әлем қазіргі уақытта технологиялық жетістіктерге ұмтылуда. Тіпті кейбір елдерде алдағы уақытта ұшатын көліктер құрастырылуда. Ал біз болсақ балақ пен сақалдың төңірегінде әлі күнге дейін дау-дамайға шатылып жүрміз. Мазхабымыз Әбу Ханифа мазхабы. Мазхабымыз бойынша амал-әрекет жасасақ бұндай дауларды ысырып тастар едік.

Қорытындылай келе айтпағым, ХХІ ғасырдың жас азаматы мен азаматшасы елін сүйетін, туған жерінің тау-тасы мен өзен, көлін сонымен қатар рухани байлығымыз саналатын ана тіліміз бен дәстүр-салт, тарихымыз бен мәдениетімізді сақтап, біліп, ұстанып қана қоймай болашаққа мұра етпесек ұрпағымыз территориямызdan әп-сәтте айырылуымыз мүмкін. Сонымен қатар, ғылым мен білім технологиялық жетістікке жету арқылы елімізге қызмет етіп, осы елдің өркендеуі жолында бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай болып қызмет ете білсек Жаратушының разылығын таба білгеніміз. Себебі, Хақтың разылығы Халықтың ішіне жасырылған. Әрекет етейік, еңбек етейік, сонымен қатар теріс діни ағымдардың арбауына түспей ата-бабамыз салған сүрлеу соқпақтан айнымайық. Қам-қарекет етейік.

О.ТӨЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ,
аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ басшысы.

Дін — адам мен Құдай арасындағы өзара байланыс арқылы адам өмірінің мәніне айналған сана формасы болып табылады. Қай халықты, қай ұлтты алсақта, соның негізгі мәдениетінің рухани дінге сенушілердің өз сенімдеріне қатысты болып келеді. Және де оның өзіндік бір алатын орны бар. Яғни, ол қоғамдық өмірде, әлеуметтік топтарда өз орнымен ерекшеленеді. Ал мәдениет болса—ол адамның ақы-

Егерде осы мәдениет адамды басқаратын болатын болса, онда адмгершілік, адамшылдық ұғымдары жойылады. Себебі, адамды мәдениет басқара алмайды. Және де ол үшін жаратылмаған дүние болып келеді. Ол тек адамға қызмет етуге жаралған. Негізі мәдениет—форма, ал дін—мағына деп айтуға болады.

Жалпы мәдениет тек қана осы дүниеге қызмет ете алады. Ал дін жалпы екі дүниеге де қатысты болып келеді. Ол екі дүниенің

құндылық бағдарлар жүйесі арқылы жүзеге асады. Мәдени құндылықтардың мазмұны діни сана мен анықталады. Сонымен бірге, оларға сәйкес мазмұнмен толтырылған діни дүниетаным айналасында ұйымдастырылады. Қорытындылайтын болсақ, дінсіз қоғам болмайтындықтан, дінсіз мәдениетте болмайды. Ал діннің басты мақсаты— ол адамның рухани жетілуіне және оның Жаратушыға деген сенімі болып келеді. Дін - ол мәдениет. Ал дін

Дін мен мәдениет байланысы

лы мен санасы мен және өз қолымен жасағандары. Жалпы мәдениет—бұл тарихи құбылыс болып табылады. Ол қандай да бір қоғамдық жағдайларға байланысты оның дәрежесі де өзгеріп отырады. Жалпы осы ежелден қалыптасып келе жатқан дәуірлердің алмасуы осы мәдениеттің мазмұны мен формаларына айрықша толықтырулар енгізді. Мәдениеттің жүйе құрастырушы факторы ретінде дінді деп анықтап көрсетуге болады. Сонымен бірге осы қоғамдық құбылыстардың ішіндегі ең күрделісі дін болып есептеледі. Дін—ешқашан адам таңдамайды. Адам әрқашан белгілі бір сеніммен өмір сүре білуі керек. Жалпы, дін—Алла Тағаладан. Ал мәдениет — адамнан. Ал адамды басқаратын нәрсе ол—дін. Ал адам — мәдениетті басқарады.

де мәселесін шешеді. Сонымен бірге Барлық әлемдік діндер Құдайдың жалғыз екендігін мойындайды. Сол себепті, көптеген діндерде өзара сыйыспаушылығы діннің түпкі мақсаты мен шынайы ақиқаттарды өзгертуден шығып отырады. Дін — ізгіліктің басты белгісі болып келеді. Адамдарды имандылыққа шақыратын басты құрал деп білеміз. Сонымен бірге, дін мен мәдениеттің арақатынасының ерекшеліктерін түсінуде әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Жалпы, көптеген ойшылар дінді рухани мәдениеттің ең жоғары құндылығы ретінде қарастырған. Және де, дін мен мәдениеттің арақатынасы мәселесін анықтап көрсеткен. Дін мен мәдениеттің қарым-қатынасы жеке тұлғаның жетілдірілуімен бірге қоғамдық өмірдің өзгеруі жағдайында

мен мәдениет бір-бірімен ұштаса келе қоғамды ізгілікке шақырады. Дін мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Әрбір мәдениеттің жүйе құрастырушы факторы ретінде діннің рөлін анықтауға болады. Адамдардың қоғамдық өмірде өртеден келе жатқан рухани және материалдық құндылықтарының қамтамасыз етілуі ол яғни мәдениет болып келеді. Жалпы рухани мәдениет және материалдық мәдениет екеуі бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста. Адам ең бірінші материалдық жағдайын қанағат етпесе, руханилыққа аяқ басуы мүмкін емес. Ал дін болса, осы рухани мәдениетіміздің ерекше бір салаларының бірі.

Елмұрат КЕРІМХАН,
Аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің бас маманы.

Деструктивті діни ағымдардың интернеттегі контенттері

Ғаламтор — ескі мен жаңаның, өткен мен болашақтың, қатыгездік пен мейірімнің ми қайнасқан ортасы. Қазақ халқының аса көрнекті ағартушы-ғалымы, көркем сөздің ұстасы, терең ой-пікірдің иесі Ыбырай Алтынсарин бабамыздың: «Айшылық алыс жерлерден, көзді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алғызды», - деп армандап кеткен мұратына қазіргі ұрпақ жетіп отыр. Алайда, кез келген нәрсенің күнгейі мен көлеңкелі жағы болатыны іспетті, ғаламтордың да жетістігі мен зиянды тараптары болады. Ғаламтор жетістігін және қолжетімділігін кейбір қара ниетті ағымдар өз мақсаттарына жету жолында пайдаланып келеді. Бір өкініштісі, экстремистік және террористік ұйымдар халыққа ақпарат арқылы әсер етуді кеңінен қолдану қызметінің ажырамас бөлігіне айналып үлгергені болып отыр.

Бүгінгі күнде статистикалық мәліметтер бойынша дінге қызығушылық білдірген азаматтардың 73% қажетті мағлұматтарды ғаламтор желісінен іздейді. Бұл көрсеткіш еліміздегі жастардың басым бөлігі діни сауатын ең алдымен ғаламторда ашатынын көрсетеді. Қоғамда радикалды діни идеялар туралы жүйелі және жоспарлы түрде ақпарат та-

рату түрлі ағымдар өз қатарларына жаңа мүшелашақтың, қатыгездік пен мейірімнің ми қайнасқан ортасы. Қазақ халқының аса көрнекті ағартушы-ғалымы, көркем сөздің ұстасы, терең ой-пікірдің иесі Ыбырай Алтынсарин бабамыздың: «Айшылық алыс жерлерден, көзді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алғызды», - деп армандап кеткен мұратына қазіргі ұрпақ жетіп отыр. Алайда, кез келген нәрсенің күнгейі мен көлеңкелі жағы болатыны іспетті, ғаламтордың да жетістігі мен зиянды тараптары болады. Ғаламтор жетістігін және қолжетімділігін кейбір қара ниетті ағымдар өз мақсаттарына жету жолында пайдаланып келеді. Бір өкініштісі, экстремистік және террористік ұйымдар халыққа ақпарат арқылы әсер етуді кеңінен қолдану қызметінің ажырамас бөлігіне айналып үлгергені болып отыр.

рату түрлі ағымдар өз қатарларына жаңа мүшелашақтың, қатыгездік пен мейірімнің ми қайнасқан ортасы. Қазақ халқының аса көрнекті ағартушы-ғалымы, көркем сөздің ұстасы, терең ой-пікірдің иесі Ыбырай Алтынсарин бабамыздың: «Айшылық алыс жерлерден, көзді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алғызды», - деп армандап кеткен мұратына қазіргі ұрпақ жетіп отыр. Алайда, кез келген нәрсенің күнгейі мен көлеңкелі жағы болатыны іспетті, ғаламтордың да жетістігі мен зиянды тараптары болады. Ғаламтор жетістігін және қолжетімділігін кейбір қара ниетті ағымдар өз мақсаттарына жету жолында пайдаланып келеді. Бір өкініштісі, экстремистік және террористік ұйымдар халыққа ақпарат арқылы әсер етуді кеңінен қолдану қызметінің ажырамас бөлігіне айналып үлгергені болып отыр.

тингтер, әлеуметтік паракшалар, блогплатформалар және басқа да байланыстырушы массмедиа құралдары әлемде жаңа мүмкіндіктермен қатар, жаңа қауіптердің туындауына септігін тигізуде. Жаһандану кезеңінде ғаламтор және әлеуметтік желілерді белсенді пайдаланып, дүниенің әр жерінде тұрақтылықтың бұзылуына әрекеттенген мұндай топтар дін атын бүркеніп, өздерін шариғаттың заңдарына негізделген мемлекет құрушы күштер ретінде жарнама лауда. Мәселен, «ДАИШ» халықаралық террористік ұйымы әлеуметтік медиа мен ғаламторлық технологиялық қосымшаларды пайдалану арқылы шетелден келіп қосылатын жауынгерлерінің санын көбейтті. Сирия аймағында құрылған «ДАИШ» ұйымына әлем бойынша қосылушылардың 80 пайыздан астамы—ғаламтор арқылы арбалғандар.

Радикалды діни ұйымдардың коммуникациялық стратегиясы кең аудиторияға бағытталған трансұлттық сипатқа ие және интернетті қолдануға негізделген. Ғаламтор арқылы таратылатын радикалдық бағыттағы діни идеологиялардың көздейтін мақсаты — халыққа белгілі бір сенімдерді ұялату және өз ұйымдарына мүмкіндігін-

ше көп пікірлес адамдарды тарту. Көп жағдайда деструктивті бағыттағы діни ұйымдар интернет-ресурстарында орналас-тырылған өз идеологияларын шетелден жүргізіп басқарады. Сонымен қоса, олардың ақпараттық көздері көбінесе халықаралық домандік атауларға ие болады. Атап айтқанда: «.com», «.org» және «.info».

Аталған ұйымдар идеологияны тарату мақсатында танымал «В Контакте», «Одноклассники», «Twitter», «YouTube», «Facebook» және «Instagram» желілерін көп қолданады. Сонымен қатар, осы аталған желілер арқылы өз идеологияларын қамтыған фотоларды, видеоларды, аудиоларды және электронды кітаптарды репосттаумен (бөлісу) таратып отырады.

Сөзімізді қорытындылай келе айтарымыз, діни мәліметтерді, қажетті туындаған сауалға арналған пәтуаларды іздеген әрбір азамат шетелдік ғаламтор сайттарын пайдаланбай, өз еліміздегі сенімді әрі ресми сайттарға жүгінуін сұранамыз.

Қ.ҚОСМАХАН,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Арғы замандарда қазақтың астанасы, айбынды бас қаласы, бері де киелі Созақ ауданының орталығы болған Созақ ауылында орналасқан кәсіп пен нәсіптің оқу ордасы – «№1 колледждің» орны бөлек, шырқай шыққан биігі орасан. Осы орайда іргелі оқу орнының директоры Бақдәулет Жақсылықұлы Қордашбековпен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

-Бақдәулет Жақсылықұлы, Аталмыш оқу орнының әу бастағы терең тарихынан бастасақ?

Аталмыш оқу орны туралы айтар болсақ, сонау елуінші жылдардың соңында майда ұжымшарларды ірілендіріп кеңшарлар құрыла бастағанда, ауыл шаруашылығына қажетті механизаторлар мен кәсіпқой

лалар үйінің түлектерін оқытып, оларға мамандық беру болса, Пернебай көкеміздің іскерлігі мен ұйымдастырушылығы қабілетінің арқасында Башқұртстанның Уфа қаласынан және Ленгірдегі балалар үйлерінен келген түлектерді оқытып, тәрбиелеп, оларға мамандық берудегі үлкен жауапкершілікті абыроймен атқарған азамат. Осындай көптеген еңбектің арқасында көпшілік алдында абырой мен беделге ие болған, училищенің материалдық-техникалық базасын ұлғайтуда орасан үлес қосқан Пернебай Мақұлбековтің есімінің училище тарихында алар орны ерекше. Ол кісі бұл мекемені 24 жыл басқарды.

1985 жылы Үкімет пен партияның «Қайта құру» саясатына сәйкес, сол кездері Созақ ауданында бірнеше мекемелерде бас-



Жаңа ғимарат пайдалануға 2019 жылдың 1 қыркүйегінде берілді. 60 (алпыс) жылдан бері қол жеткен заманауи оқу орны ендігі жерде жас жеткеншектің дұрыс білім алуына қызмет ете беретін болады.

-Бүгінгі заманның жаңа талаптары қай деңгейде деп ойлайсыз?

-Енді алдағы ең үлкен жоспарымыз жаңа жатахана жайын салдыру. «№1 колледж» МКҚК заман ағысынан қалмай, мамандық беруді мемлекеттік стандартқа сай жүргізіп келеді. Бұл талапты әрі қарай жалғастыру осы мекеменің педагогикалық және жұмысшы қызметкерлерінің басты міндеті болып табылып, оны қазіргі таңда іс жүзінде жүзеге асырып келеді. Қазіргі таңда колледжімізде 18 топта әртүрлі мамандықтар бой-

ЕҢБЕК ПЕН ЕРЕН ЕРЛЕРДІҢ

жұмысшы кадрларын дайындау мақсатында жер-жерлерде Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің шешімімен ашыла бастаған ауыл шаруашылығын механизацияландыру училищелерінің бірі. Бұл оқу мекемесі Созақ ауданының географиялық жағынан дәл орталығы болып табылатын Созақ ауылында «УМСХ-134» болып 1959 жылдың 27 желтоқсанында ашылған еді.

1963 жылы «СПТУ-134» болып өзгертілсе, 1978 жылдың қыркүйегінен ТУ - 51 болды, ал 1984 жылдың қыркүйегінен «СПТУ-22» болып өзгертілсе, 1996 жылдың тамыз айынан «ПТШ – 23» (кәсіптік техникалық мектеп), 2007 жылы сәуір айынан «№1 кәсіптік лицей», 2013 жылдың қаңтар айынан бүгінгі күнге дейін «№1 колледж» МКҚК болып аталып келеді.

Содан бері аты бірнеше рет өзгерсе де, жүйелі түрде ауыл шаруашылығы мен өндірістерге қажетті «Автомобиль жүргізушісі», «Кең көлемді тракторшы-машинист», «Малшы-механизатор», «Комбайншы», «Дәнекерлеуші», «Ағаш ұстасы», «Сыршы-сылақшы», «Есепші», «Тігінші», «Дүкенші», «Аспазшы», «Электромонтер», «Бір ожаулы экскаватор машинисі», «Токарь» мамандықтары бойынша 66 жыл ішінде 13 мыңнан аса жұмысшы кадр дайындалды.

Ендігі жерде өткенді еске ала отырып, осы мекемеде басшылық қызметте болған кісілер жайлы баяндап өтейін. Бұл мекеменің алғашқы директоры, сол кездегі «Созақ» кеңшарының бас агрономы, Ұлы Отан соғысына қатысушы, еңбекте ысылып, басшылық қызметте іс-тәжірибе жинақтаған бірнеше ордендер мен медальдардың иегері 33 жасар жігіт ағасы болып қалған, ел алдында абырой мен беделге ие Балтабай Абдраманов болды. Өздеріңізге белгілі қандай да болмасын жаңа істі бастау көптеген қиындықтар мен кедергілерге тап болары анық. Сол кедергілер мен қиындықтарды жеңе отырып, УМСХ-134-ке қажетті кадрлар мен материалдық техникалық жағдайын толықтыра отырып ырғақты жұмыс істеп, бойын тіктеуіне орасан үлес қосқан азаматтың есімін сағынышпен еске аламыз. Балтабай атамыздың іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілеті бағаланып, 1962 жылы жаңадан құрылған «Қаратау» кеңшарына директорлық қызметке қайырылды. Балтабай Әбдіраманұлының кадр дайындауда көрегендігі сол, өзінің қарамағында қызмет атқарған 26 жасар жас, өз ісінің маманы Пернебай Мақұлбековты жастығына қарамастан өз орнына, яғни училищенің директорлығына тағайындалуына ықпал еткеніне ешқашан өкінген емес. Себебі, сол кездегі партияның саясаты училищелерге тұрмысы төмен отбасылардың, ба-

шылық қызмет атқарған комсомолдың түлегі Оспанов Жақсылық Қордашбекұлы 1986 жылдың ақпан айында Созақ аудандық партия комитеті Бюросының шешімімен сол кездегі атауы СПТУ-22 мекемесінің директоры болып тағайындалды. Жақсылық Қордашбекұлының ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлігін байқаған аудан басшылары шалғайда орналасқан «Тасты» кеңшарына директорлық қызметке ауыстырды.

Есімдері аталып, басшылық еткен азаматтардың қайсысы болмасын сол уақыттағы заман сай барлық жерде жаңару, қайта құру саясатына сәйкес бұл мекеменің жаңа үрдісте жұмыс жасауына, училищенің материалдық-техникалық базасын толықтыруда, қосалқы шаруашылықты ұлғайтуда, жылыжай салуда, аудан көлеміндегі шаруашылықтармен тығыз байланыс орнатуда т.б. көптеген жаңа бастамаларымен көзге түскен, ел аузында ұмытылмай ойда қалған жандардың жарқын бейнесі мәңгі есте сақталды.

-Ендігі бүгінгі тәуелсіздік



таңындағы іргелі істер мен жаңашылдықтар туралы ой бөліссеңіз?

1991 жылдың қыркүйек айында сол кездегі «Шу» кеңшарының партгоры Берғазының Өскең училищесі директоры болып тағайындалды. Өскеңнің директорлық қызметі Республикамыздың егемендігіне тұспа-тұс келуінің өзі бір мақтанш, себебі Егемендік алған уақыттағы мекеменің тұңғыш басшысы ретінде тарихта қалары сөзсіз. Көп жылдар педагогика саласында, содан соң шаруашылықта алған тәжірибесі училищенің кәсіптік мектеп деңгейіне жетуіне ықпал етті. Егемендігіміздің алғашқы жылдары көптеген қиындықтар мен кедергілер болғанын бәріміз әлі ұмытқан жоқпыз. Сол жылдары жер-жерлерде ықшамдау, қысқарту, тарату-«Оптимизация» деген атпен белең алып жатқанда,

облыс көлемінде бірнеше кәсіптік мектептер жабылып, ондағы жұмысшы-қызметкерлер айлап жалақы алмай жүрген кезеңде аудандағы бірден бір кәсіптік оқыту орнын сақтап қалуға Қазақстан Республикасы Жазушылар Одағының мүшесі, ақын, жеті кітаптың авторы, Созақ ауданының «Құрметті азаматы» Өскен ағамыздың еңбегі ұшан-теңіз.

Өскен аға құрметті зейнеткерлікке шыққан соң 2007 жылдың ақпан айында Ушибаев Марат аға Исмайлұлы директорлыққа тағайындалды. Ол кісі кәсіптік лицей кезінде шәкірттерге сапалы білім мен саналы тәрбие беруде өз қызметін абыроймен атқарып қана қоймай, жергілікті халықтың сеніміне ие бола отырып, Созақ ауылынан аудандық мәслихатқа депутат болып сайланды. 2000 жылы облыс әкімі Бердібек Сапарбаев мырза өңірімізге іс сапармен болған кезде уран өндірісімен таныса келе, республика көлемінде, оның ішінде ауданымызда кең құлаш жайып, қарыштап жылдам өсіп келе жатқанын көріп, сол өндіріске қажетті мамандарды аудан азаматтарынан дайындайтын оқу

ынша 438 студент білім алуда. Олардың басым көпшілігі әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балалары. Әрине, олар ерекше қамқорлық пен көңіл бөлуді қажет етеді. Бұл жастарға білім мен тәрбие беруде 5бинжәнер - педагог қызметкерлер өз білімі мен тәжірибелерін олардың бойына сіңіруде.

Президентіміз 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауы аясында жасалған медиа жоба жастарға жұмысшы мамандықтарын игеруге ынталандырып, олардың кәсіби дамуына қолдау көрсету үшін маңызды құрал бола алады. Бұл жоба жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын насихаттай отырып, жастардың еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, әрі табысты болуына ықпал етеді.

Бүгінде колледжімізде 438 студент білім алып жатыр. Бұл-оқу ордамыздың дамуындағы маңызды көрсеткіштердің бірі. Студенттеріміз түрлі мамандықтар бойынша білім алып, өз болашақтарына жол ашуда. Мақсаттары ескеріліп, оларға заманауи білім беру әдістері мен технологиялары арқылы білім беріледі. Оқу орынның тиімділігі мен студенттердің жоғары деңгейдегі білім алуына бағытталған көптеген мүмкіндіктер ұсынылады.

Жатақхана-студенттер үшін маңызды әлеуметтік нысан. Әсіресе колледждерде оқитын жастар үшін жатақхана тұрғындары арасында оқу үдерісіне толыққанды қатысуға, әлеуметтік және мәдени іс-шараларға араласуға мүмкіндік береді. Биыл колледжімізде жатақхананың сметалық құжаттары дайын болып, қажетті қаражат бөлінгені-оқу орнының дамуында маңызды қадам болып табылады. Бұл жаңалық студенттердің тұрмыс жағдайын жақсартуға, оқу процесін тиімді ұйымдастыруға және колледждің инфрақұрылымын жетілдіруге ықпал етеді.

Колледжіміздің 56 оқытушысы студенттерге білім беру қызметін атқарады. Бұл педагогикалық құрам оқу орнымыздың кәсіби және білім беру сапасын арттыруда үлкен рөл атқарады.

Әрбір оқытушы өз саласында жоғары білікті маман ретінде жұмыс істейді, студенттерге сапалы білім беру, олардың кәсіби дағдыларын дамыту және тұлғалық өсуіне ықпал ету. Оқытушылардың көпшілігі өз саласында бірнеше жылдық тәжірибеге ие және оқу процесін ұйымдастыруда жоғары деңгейде жұмыс істейді.

Колледжімізде «Дәнекерлеу ісі», «Токарлық ісі», «Ауылшаруашылық» мамандықтары және «Тігінші» мамандығы бойынша жабдықталған шеберханалар студенттерге кәсіби дағдыларды игеруге мүмкіндік береді.

«№1 колледж» МКҚК-ның 200 орындық жаңа оқу ғимараты мен шеберхана құрылысы 2017 жылы облыстық бюджет есебінен басталып, оны «Ел құрылысы тобы» ЖШС-гі жүргізді.

Бұл шеберханалар қазіргі заманғы құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген және мамандарды дайындаудағы маңызды орын алады. Әр мамандыққа сәйкес шеберханалар студенттердің практикалық білімдерін арттырып, олардың еңбек нарығында жоғары білікті маман ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Медиа жоба жастарға жұмысшы мамандықтарының қоғамдағы маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл бастама жұмысшы мамандықтарын тек қолданыстағы кәсіп ретінде ғана емес, сонымен қатар жоғары білікті және болашағы зор сала ретінде көрсетуге бағытталған. Жастар жұмысшы мамандықтары арқылы болашақта тұрақты жұмысқа орналасып, кәсіби жетістіктерге жетуге болатынын түсінеді.

Колледж әкімшілік басқару аппаратында менен басқа 8 адам бар. Атап



Созақ аудандық мәслихат хатшысының, Созақ аудандық «Аманат» партиясының төрағасының, Созақ ауылдық әкімінің және колледж директорының мақтау қағаздарымен марапатталды. Мерекелік іс-шараның соңы алғашқы әскери дайындық және дене шынықтыру ПЦК-ның ұйымдастырған топ кураторлары, мұғалімдер мен техникалық қызметкерлер арасындағы спорттық жарыспен өз жалғасын тапты. Оқу орны ұстаздарының басты міндеті-Ұстаздың адам өмірінде алатын орны зор екендігін, ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін студенттердің бойына дарыту. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге тәрбиелеу. Қарттар күніне орай №1 колледжде бірқатар іс-шаралар өткізілді. Колледж ардагерлерінен құралған команда ауыл әкімшілігінің ұйымдастыруымен өткізілген спорттық жарыстарға

ҚҰТТЫ ҰСТАХАНАСЫ

айтқанда А.Сағындыков–директордың ОӨЖЖ орынбасары, Н.Ерік–директордың ОІЖ орынбасары, Р.Атажиев–директордың ОТЖЖ орынбасары, Б.Абдукаюмов – директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары, С.Топшақов–аға бухгалтер, О.Ерментев–аға шебер, А.Абдихаева–колледж әдіскері, Б.Таңатаров–кәсіподақ ұйымының төрағасы болып ауызбіршілік пен ынтымақта жұмыс атқарып келеді.

Түркістан облысы білім басқармасының 13 қараша 2024 жылғы №25/6550 хатын басшылыққа ала отырып, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру мақсатында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбаса-

салу туралы Заң күшіне енді.

Колледж жастар ұйымымен өзін өзі басқару ұйымдарының ұйымдастыруымен «Жалындаған жастық шақ» тақырыбында іс-шара болып өтті. Және де бірқатар үздік оқумен қатар колледжішілік мәдени көпшілік шараларға белсене қатысып жүрген студенттерге колледж директорының Алғыс хаттарын табысталды. Құттықтау сөзді Созақ ауылдық жастар ісі жөніндегі әдіскер Жақсылыққызы Ханзада жалғастырып, облыс және ауданаралық сайыстарға барып Созақ ауданының намысын қорғап жүрген бірқатар студенттер Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ бастығы О.Төлепбергелінің, Созақ ауылдық округі

раларын таныстырды.

Кездесу соңында студенттерге құқық бұзушылықтың алдын алу туралы бейнероликтер көрсетіліп, олардың ата-ана мен мемлекет алдындағы жауапкершіліктерін сезінуіне ықпал жасалды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында аудандық ішкі саясат бөлімінің теолог маманы Қосмаханов Қуаныш студенттерге «Деструктивті діни ағымдардан сақтану» тақырыбында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, кездесу ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Түркістан облысы бойынша департаментінің «Sanaly uraq» жобасын жүзеге асыру мақсатында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының қатысуымен «Саналы ұрпақ сыбайластыққа жол бермейді!» атты байқауы «Түркістан жоғары көпсалалы аграрлық колледжінде» өткізілді. Аталған байқауға Созақ ауданында орналасқан «№1 колледж» МКҚК-ның «Sanaly uraq» кеңсесінің «Адалдық елшілері» командасы қатысып өз жобаларын қорғады. Байқаудың қорытындысы бойынша «Адалдық елшілері» командасы «Жалын» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қ.Б.Керімбековтың Алғыс хатымен марапатталды.

Жастар ұйымының ұйымдастыруымен «Аяулы күз, алтын күз» тақырыбында күз ханзадасы мен күз ханшайымын анықтау мақсатында топаралық сайыс ұйымдастырылды.

Қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасы ақын, жазушы және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туылғанына 130 жыл толуына орай колледжімізде «Ұлылар ізімен» атты мәнерлеп өлең оқу сайысы болып өтті.

Білікті педагогтардың ұйымдастыруымен «Алтын күз» жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеге колледж ұстаздар мен студенттері белсене қатысты. Жәрмеңкеден түскен қаражат қайырымдылық қорына қосылды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Атажиевтің «Біртұтас» тәрбие бағдарламасына негізделіп жасалған жылдық жоспарына сәйкес колледждің бастауыш жастар ұйымымен көркемөнерпаздар үйірмесінің ұйымдастыруымен 1-2 курс студенттер арасында «Студенттік өмір жарқын сәттер кезеңі» атты топ аралық «Біз талантыларды іздейміз» сайысы болып өтті. Әділ қазылар алқасының ұйғарымымен 1 орын- «Электр газымен дәнекерлеуші» тобы, 2-орынды «Арнайы тігінші» тобы, 3 орынды «Арнайы тігінші» тобы иеленді.

«Ұстазыңды атаңнан да әзиз тұт» тақырыбында мерекелік іс-шара болып өтті. Мерекелік іс-шарада бірқатар ұстаздар Созақ ауданы әкімінің,

қатысып, жүлделі орындарды иеленді.

Көп жылдар қызмет атқарып зейнеткерлікке шыққан бір қатар ұстаз қарттардың шаңырағында болып, мерекемен құттықтап, сый-сияпат көрсетілді.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі 2024 жылдың 2 қыркүйегінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Қазақстан халқына «Құрылымды қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында айтылған Қазақстан Республикасында Еңбек күніне арналған Республикалық дебат турнирін өткізу тапсырмасы берілген. Осы тапсырмаға сәйкес



ры Р.Атажиевпен колледж педагог-психологі Ш.Жақсыбаева «Біз бір бірімізді құрметтейік» ұранымен апталық жоспар жасап, жоспар бойынша жұмыстар жүргізді. Жоспарға сәйкес, қоғам қоғам белсенділерін тарта отырып, Созақ ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Аметов Байзақ Тәжібекұлын арнайы шақырып дөңгелек үстел өткізді. Аметов Байзақ ағай студенттерге қазіргі қоғам дерттері және оларды қалай жою керектігі, жастар арасында ауызбіршілікті арттыру, ұлтаралық татулықты нығайту туралы көптеген ақыл кеңестерін студенттермен бөлісті. Ауыл жастары мен жасөспірімдер арасында қылмыстық құқық бұзушылықтар және басқа да заң бұзушылықтарға қатысты «Буллинг, кибербуллинг жайлы не білеміз?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтің Жарлығымен бекітілген барлық мемлекеттік қызметшілерге, құқық қорғау және арнаулы органдардың қызметкерлеріне құмар ойындарға қатысу және бәс тігуге тыйым

әкімі Б.Аяповтың Алғыс хаттарымен марапатталды.

Сондай-ақ Созақ ауданы полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Нұрлан Жақыпұлы Мұратовпен кездесу өтті. Кездесуде жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтар мен әлімжеттіліктің және есірткі қылмыстарының алдын алу тақырыбы кеңінен қозғалды. Аудандық полиция бөлімінің бастығы Нұрлан Жақыпұлы түнгі уақытта жасөспірімдердің жүріп-тұру қағидасын бұзу және кәмелетке толмағандардың арасындағы әлімжеттіліктің салдары әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкелетінін атап өтіп, жасөспірімдер арасында қылмыстың алдын алу және болдырмау мақсатында нақты жұмыстар атқару керектігі назарға алынды. Ал Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы Тұрсынбек Жылқыбаев синтетикалық есірткілердің зияны мен оларды сақтауға және таратуға байланысты заң алдындағы жауапкершілікті егжей-тегжейлі түсіндіріп, құқық бұзушылықтың алдын алу ша-



№1 колледж «Ұшқыр ой» дебаттық клубының мүшелері «Менің жетістігім-менің нәтижем» тақырыбында дебат ұйымдастырылды.

Созақ ауылдық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен өткізілген «Алтын күз- 2024» атты байқауына «№1 колледж» МКҚК-нің «Арнайы тігінші» мамандығының студенті Сайтбай Фариза қатысып, алғыс хатпен марапатталды. Айта берсек, тың бастамаларымыз бен жаңалықтарымыз көп. Барлығы да ең басты мақсатымыз-ауданымыздың барлық салаларына керекті мамандықтар мен білімді, білікті, іскер мамандар әзірлеу.

-Істеріңізге тек сәттілік тілейміз!

-Рахмет!

**Сұхбаттасқан:
Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**

Бүгінде әлеуметтік желілердегі әдемі өмір мен «успешный успех» культі агрессивті жарнама ретінде адамдарда бәріне қол жеткізу оңай және қарапайым жолмен қол жеткізуге болады деген ой тудырады. Кейбір жастар осыған сеніп, қымбат уақыттарын босқа өткізеді. Кез келген жетістіктің артында тынымсыз еңбек тұрғандығын ойлай бермейді.

Еліміз дамуы үшін еңбекқорлық пен жауапкершілік жастарымызға, ұлтымызға тән қасиетке айналуға тиіс.

Еліміздің әрбір азаматының өмірлік мақсатының адал әрі жауапты еңбек арқылы табысқа жету болуы керек. Жауапкершілігі мол азамат – адал еңбек пен адал табысқа

Сонымен қатар қазір әлеуметтік желі арқылы өз бизнесін дөңгелентіп отырғандар баршылық. Өйткені, бұл – ақпарат алмасудың тиімді әрі арзан жолы. Өндірушілер өз тауарларын жариялап жатса, жұлдыздар өмірін, ақын-жазушылар шығармаларын жариялап әлек. Тіпті қазір осы желі арқылы кімнің қайда, кіммен отырғанына дейін білеміз. Қайда барса да, телефонына телміріп отырғаны. Сондай-ақ компаниялар өздеріне жұмыскер іздеуде осы әлеуметтік желінің көмегіне жүгініп жүр.

Әлеуметтік желінің жұмысы карантин кезінде адамдардың өмір сүру үрдісін өзгертті. Себебі, виджет, гаджет, блог, Facebook, Instagram, Telegram, WhatsApp, B

ушылар. Адамның желіге тәуелділігі сондай, бас алмай отырып уақыттың қалай өтіп кеткенін байқамай да қаласыз. Әлеуметтік желі әрбір үшінші жұптың ажырасуына себепкер екен. Мамандардың пайымынша, жас отбасылар көп жағдайда әлеуметтік желіде туындаған кикілжіңнің салдарынан ажырасып жататын көрінеді. Көптеген жастар сыңарын табу мақсатымен бейтаныс адамдармен танысып, бармақ тістеп қалатын кездер де аз емес.

Психологиялық тұрғыдан, ғаламтор, ұялы телефон, әлеуметтік желі байланыстарының адамға кері әсері мол. Балалар кішкентайынан дамыту, сергу ойыншықтарына емес, ата-анасының ұялы телефонына ұмтылуда. Алғашында ол балаға

Ғаламтор мен жасанды интеллект дәуіріндегі діни манипуляция

Заманауи технологиялар дәуірі қоғам өмірінің әр саласына ықпал етіп, ақпарат алмасу мен білімге қолжетімділікті түбегейлі өзгертті. Діни сала да бұл үрдістен шет қалған жоқ. Ғаламтордың дамуы мен жасанды интеллект технологияларының пайда болуы діни таным мен практиканы кеңейтуге мүмкіндік беріп қана қоймай, жаңа сын-қатерлер мен қауіптерді де туындатты.

Соның бірі – діни манипуляцияның жаңа деңгейге көтерілуі. Ғаламтор ақпарат алмасудың негізгі көзіне айналғандықтан, дәстүрлі діни мекемелердің ықпалын айналып өтетін түрлі платформалар пайда болды. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде таралатын мазмұнның көпшілігі ресми бақылаудан тыс қалады. Бұл жағдай жат ағымдар мен радикал топтардың өз идеологиясын насихаттауына оңтайлы мүмкіндік туғызды. Олар адамдардың діни сауатсыздығын пайдаланып, манипуляцияның түрлі әдістерін қолдануда:

1. Қате ақпарат тарату

Ғаламторда діни мәтіндер мен хадистерді контекстен жұлып, бұрмалап тарататын материалдар жиі кездеседі. Бұл, әсіресе, діни тәжірибесі төмен жастарға қатты әсер етеді.

2. Эмоционалды манипуляция

Жеке видеолар мен арандатушы жазбалар арқылы адамдардың эмоциясына әсер ету кең таралған. Әсіресе, қайғылы оқиғаларды немесе қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздікті діни негізге сілтей отырып түсіндіру жиі байқалады.

3. Жалған діни тұлғаларды танымал ету

Жасанды интеллект көмегімен дайындалған материалдар арқылы өздерін «діни ғұлама» ретінде таныстыратын тұлғалар ғаламторда көбейді. Олардың діни білімі жоқ болса да, әсерлі видео немесе тартымды мәтіндер арқылы үлкен аудитория жинай алады.

Ал қазіргі таңда белең алған жасанды интеллект технологияларының дамуы діни манипуляцияның жаңа әдістерін дүниеге әкелді:

1. Жалған мазмұн дайындау

Ол арқылы жалған мәтіндер, аудиолар және видеолар жасау оңай. Мысалы, белгілі бір тұлғаның атынан жалған ақпараттар жазылып, кең таратуға болады.

2. Нысаналы аудиторияны таңдау

Жаңа технологияның алгоритмдері адамдардың онлайн әрекеттерін талдап, оларға қызықты және «тиімді» мазмұнды ұсынуға бейімделген. Радикал топтар бұл технологияны өз идеологияларын тарату үшін қолдануы мүмкін.

3. Автоматтандырылған үгіт-насихат

Чатботтар мен виртуалды кеңесшілер арқылы адамдарға нақты сұрақтарға «жауап беру» әдісі кең қолданыс тапты. Алайда, бұл кеңестер діни негізден алыстап, манипуляция құралына айналуы мүмкін.

Діни манипуляцияның теріс әсері тек жеке тұлғалармен шектелмейді. Бұл құбылыс қоғамдық тұрақтылыққа да қауіп төндіруі мүмкін. Әлеуметтік бөлінушілік, экстремизмнің таралуы және дәстүрлі діни құндылықтардың әлсіреуі ғаламтор мен жаңа технологияларының бақылаусыз пайдаланылуынан туындайды.

Бұл мәселелерге тап болмас үшін діни сауаттылықты арттыру, ғаламтордағы ақпараттарды сүзгіден өткізе отырып пайдалану, қоғамның жетістіктерін жаңа технологияларды дұрыс пайдалану маңызды. Сондай-ақ, дәстүрлі дінді қолдайтын беделді тұлғалардың ғаламтордағы ықпалын күшейту – манипуляцияға қарсы тиімді құралдардың бірі.

Ғаламтор мен жасанды интеллект дәуірі діни насихат пен білім беруді жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Дегенмен, бұл құралдарды теріс пайдалану мақсатта пайдалану қауіпі бар екенін ескеріп, оны бақылау мен реттеу тетіктерін жетілдіру қажет. Қоғамдық сана мен білімділік бұл мәселеде негізгі рөл атқарады. Тек сауатты, ақпараттық қауіпсіздікке мән беретін қоғам ғана манипуляцияның кез келген түріне қарсы тұра алмақ.

Г. БЕКЖАН,

Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.

Әлеуметтік желідегі әдемі өмір

қол жеткізері анық.

Халықтың көп бөлігі, еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін телефонды қолданып, әлеуметтік желілерде біраз уақытын өткізеді. «Уақыттың бос өткені – өмірдің бос кеткені» деп келген халық қазірде телефонға телмірумен өмірін өткізіп жатқаны жасырын емес.

Ғаламтор, оның ішінде әлеуметтік желі – ғылым мен техниканың шынайы жетістігі. Интернетті қолдана алатын кез келген адам өзіне қалаған ақпарат пен мағлұматты тауып, қажетіне жарата алады. Мазалап жүрген сауалдарының жауабын табады. Әлемдік жаңалықтар мен оқиғалардан хабардар болып отыруға көмектеседі. Бұл жағынан ғаламтор адамның білімі мен қабілетін, тұлғалық қасиеттерін дамытуға өте жақсы көмекші.

Әлеуметтік желіде шек жоқ. Алыста жүрген ата-анаңмен де, туған туыстарыңмен де еркін-еркін байланыс ұстайсың, сөйлесесің, хабарласасың. Тіпті, адамдардың қолы жетпейтін жерге осы ғаламтордың қолы тиіп тұр. Көрісе алмаған адамыңмен ғаламтор арқылы байланыс орнатасың. Интернеттегі қызықты жаңалық, сайттар, кітаптар, кинолардың сілтемелерін ұсынып, алмасады.

Контакте, Twitter, YouTube, TikTok сияқты құралдар кез-келген ақпаратты жылдам алуға жол ашты.

Жақында ақпараттық порталдардың бірінде ғалымдардың әлеуметтік желі туралы зерттеулері жазылды. Онда «Инстаграм» желісі депрессияға ұрындыратын желі деп айтылған. Бұған себеп те жоқ емес. Инстаграмды ашсаңыз, шетелге шығып қыдырып, бренд киім киіп, соңғы үлгідегі телефон ұстап, қымбат маркалы көлік мініп, зәулім үйде тұрып жатқандарды көресіз. Басқаның бәрі алға озып, ал сіз қарапайым күйде қалып қойғандай сезімде боласыз. Содан кейін осы күйіңізге өзіңізді, сосын айналаңызды кінәлай бастайсыз.

Ал «ВКонтакте» желісі, суицидке апаратын желі болып шықты. Мүмкін оның еліміздегі жасөспірімдер арасында суицидтің белең алып тұрғанына да ықпалы бар шығар.

Сонымен қатар халықаралық террористік және діни экстремистік ұйымдардың қатарына қосылғандардың 80 пайызын осы әлеуметтік желілер арқылы сол ұйымдардың әр түрлі уағыз-насихаттарын көріп келгендер құрап отыр. Біздің жастарымыз да діни ақпараттарды әлеуметтік желілерден алуға құмар.

Әлеуметтік желілер – уақыт ұрла-

жай бір жарық беретін, жылжитын, не сурет көрсететін зат сияқты қабылданса, кейіннен қызығушылығы тек бір сол телефонға ғана байланады. Бұл баланың дамуына, қоршаған ортаны сезіп білуіне, иіскеп тануына, айналадағы құбылыстарды сезінуіне кедергі жасайды. Көзіне зияны өте зор. Баланың тәбеті де бұзылып, белгілі бір режимдерден ауытқиды.

Үйде, далада, көлікте, сабақта, тіпті тамақ ішу, демалу, тынығу уақытында да ұялы телефондарын құшақтап жататын тәуелділік жасөспірімдердің 95 пайызында кездеседі. Балалардың кезбе-кез қарым-қатынас жасауларының, достық сезімінің, жан ашу, қамқорлық жасау деген игі қасиеттердің төмендеуіне де ықпал етеді.

Міне сондықтан да әр затты өз орнымен, өз уақытымен, белгілі бір шектеумен қолдануын қадағалауға және бұл трагедияның, мәселені жеңілденуіне бала тәрбиелеп отырған әр ата-ана үлкен мән беріп, алдын алғаны жөн.

Б. ӨТЕГЕН,

Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Псевдосәләфизм қауіптілігі

Соңғы жылдары әлемде және Қазақстанда діни ағымдардың белсенділігі артып, олардың ішінде радикалды бағыттар қоғамға теріс әсерін тигізуде. Солардың бірі – псевдосәләфизм. Бұл ұғым дін атын жамылып, өзге адамдардың сенімдерін жоққа шығарып, қоғамда алауыздық тудыратын идеологияларды білдіреді. Псевдосәләфизмнің тамыры классикалық сәләфизмнен бастау алады, бірақ оның бұрмаланған және радикалданған түрі болып табылады.

Сәләфизм – исламдағы ең көне бағыттардың бірі. Оның негізі Құран мен Сүннетке сүйеніп, алғашқы үш буын мұсылмандарының (сәләфтар) өмір салтын үлгі ретінде алуға негізделеді. Алайда, 20-ғасырда бұл бағыт радикалды өзгерістерге ұшырады. Псевдосәләфизм радикалды бағыттары дәстүрлі діни құндылықтарды бұрмалап, әлеуметтік тұрақтылыққа, ұлттық бірлікке және жастардың санасына теріс ықпал етуде. Псевдосәләфизм діннің шынайы мәнін терең түсінбейтін, өздерін таза дінді ұстанушылар деп есептейтін адамдар мен топтардың әрекеттерімен сипатталады. Бұл ағым дәстүрлі діни құндылықтарды жоққа шығарып ұлттық салт-дәстүрлер мен тарихи мұраларды бидғат (жаңалық) деп атап, оларды теріске шығарады және қоғамды екі категорияға бөледі: Біз (дұрыс жолдағы адамдар) және олар (адасқандар) деп айып тағады, көшбасшы-

ларын абсолютті түрде қабылдап өз лидерлерінің айтқандарын күмәнсіз орындайды, бұл радикалды қадамдарға алып келуі мүмкін. Псевдосәләфизм ағымының жақтаушылары діни сауатсыздыққа сүйенеді, құран мен хадистердің мәнін бұрмалап, оларды өз идеологияларын насихаттау үшін пайдаланады. Псевдосәләфизмнің қоғамға тигізетін қауіптері жайлы атап өтсек олар: Радикалдану: Бұл ағымға ергендер бейбітшілікті насихаттайтын дін қағидаларын бұрмалап, экстремистік көзқарастарды қабылдауы мүмкін. Жастар арасындағы діни сауатсыздықтарды псевдосәләфизмнің ықпалына түсіреді. Бұл әлеуметтік желілер мен бейресми уағыздар арқылы жүзеге асады. Бұл ағымды ұстанушылар өз жақындарын ада-сушылар деп, отбасылардың ажырауына немесе қоғамдағы бөлінушілікке алып келеді. Ұлттық бірлікке қатер: Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді теріске шығару қоғамның біртұтастығын әлсіретеді. Экстремистік ұйымдарға тарту арқылы псевдосәләфизмнің кейбір өкілдері террористік ұйымдармен байланыс орнатып, қауіпті әрекеттерге шақыруы мүмкін.

Елімізде псевдосәләфизмнің таралуын шектеу және оның қауіптілігін азайту үшін біршама шаралар атқарылуда. Діни сауаттылықты арттыру арқылы қоғамда, әсіресе жастар арасында дәстүрлі дін мен радикалды идеологиялардың айырмашы-

лықтарын түсіндіру және мешіттер мен діни орталықтарда білікті имамдар, теологтардың көмегімен түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Радикалдардың интернет арқылы насихат жүргізуін шектеу үшін онлайн кеңістікте қадағалау механизмдерін күшейту қажет. Радикалды идеологияны насихаттайтын ұйымдарға және жеке тұлғаларға қарсы қатаң шаралар қолдану арқылы тосқауыл бола аламыз. Экстремистік әрекеттерге қатысы бар адамдарды анықтап, олардың заң алдында жауап беруін қамтамасыз ету қажет, сонымен қатар әлеуметтік желілер мен БАҚ-та (Интернет-ресурстар, теледидар, радио, газет-журналдар т.б.) дәстүрлі діннің құндылықтарын түсіндіретін сапалы материалдарды көбейту жұмыстары атқарылуда. Жат ағымдардың жетегінде кетпес үшін ата-аналар да балалардың діни білім алуына жауапты болуы тиіс. Балалардың қандай ақпаратты қайдан алып жүргенін бақылап, оларға діннің шынайы мәнін түсіндіру маңызды.

Қорыта айтатын болсақ-біз шариғат пен дәстүрді сабақтастыра білген халықпыз. Солардың арқасында бізде ешқашан да діни алауыздықтар, келіспеушіліктер болмаған. Жоғарыда айтылған мәселелердің алдын алу үшін жұдырықтай жұмылып, ілім мен білімді жеткізіп, жастардың көкірек көзін ашу керек. Ал бұл жағдайда тек дін мамандары ғана емес еліміздің әрбір азаматы үлес қосуы керек.

Қ. МЫРЗАБАЙ,

Түркістан облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің бөлім маманы.

“Тұрмыс” жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде



Ағымдағы жылдың 20-29 қаңтары аралығында Созақ ауданы аумағында республикалық «Тұрмыс» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде. Шараның мақсаты—қылмыстық ахуалды жақсарту және отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу.

Шара барысында Созақ ауданы Таукент кенті Тоқмағанбетов көшесінде орналасқан “Бағдаулет” азық-түлік дүкенінде құқықбұзушылықтар анықталып, әкімшілік хаттама толтырылды.

Сонымен қатар, бұл рейдтің шара барысында ерекше назар зорлық-зомбылық жағдайларын анықтау мен тоқтатуға, сондай-ақ отбасындағы тәртіп пен қауіпсіздікті бұзатын өзге де құқық бұзушылықтарға аударылады.

«Тұрмыс» профилактикалық шарасы Созақ ауданының барлық тұрғындары үшін қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру жолындағы маңызды қадам болып табылады.

Айжан МАНАПОВА,
Созақ АПБ ЭЗЗҚТ инспекторы, полиция майоры.

Бұл жерде табиғи жағдайда болатын «Clostridium botulinum» бактериялары тудыратын бұлшықет параличіне әкелетін сирек кездесетін ауру. Ботулизмнің үш негізгі түрі бар: тағамдық, балалар және жаралар. БОТУЛИЗМ ҚАЛАЙ ТАРАЛАДЫ?Сіз боту-

бактың ауырлығы, бұлыңғыр сөйлеу, жұтылу қиындықтары, құрғақ ауыз және бұлшықет әлсіздігі (иықтан басталып, бүкіл денеге таралады). Нәтижесінде тыныс алу бұлшықеттерінің сал ауруы пайда болады, бұл науқастың өліміне әкеледі.TAFAMДЫҚ

көзін анықтау қажет. БОТУЛИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ: Ботулизмнің қоздырғышы қоршаған ортада кең таралған, сондықтан бұл аурудың алдын алу қиын. Көшедегі сауда орындарында үйде консервілеу өнімдерін сатып алмаңыз. Үйде саңырауқұлақ-

Ботулизм қалай таралады?

лизмді жұқтырған тамақты жегенде немесе жараға бактериялар жұқтырған кезде жұқтыра аласыз.БОТУЛИЗМ СИМПТОМДАРЫ Ботулизм белгілері токсинге ұшырағаннан кейін бірнеше сағаттан бірнеше күнге дейін пайда болады, бұл токсиннің ағзаға қанша түскеніне байланысты. Токсиннің ағзаға ену әдісіне қарамастан, оның нәтижелері бірдей. Ауру дамыған сайын келесі белгілер пайда болуы мүмкін: көздің қосарлануы немесе бұлыңғыр көру, қа-

БОТУЛИЗМ Азық-түлік ботулизмі адамдарда токсинді шығаратын бактериялармен ластанған тамақты жеген кезде пайда болады. Бұл әдетте үйде сапасыз консервілеу нәтижесінде пайда болады. Бастапқы белгілерге жүрек айну және құсу кіруі мүмкін. Азық-түлік ботулизмі кез-келген топта пайда болуы мүмкін және денсаулық сақтау үшін төтенше жағдай болып табылады, өйткені басқа адамдарға жұқтырудың алдын алу үшін жұқтырған тағамның

тарды, ет, балық, шөптерді сақтауды ұсынбаңыз. Қызмет көрсетер алдында үйдегі консервілерді дұрыс сақтау және тиісті температуралық өңдеу өте маңызды. Зақымдану және ісіну немесе ағып кету көріністері бар консервілерден бас тарту керек. Көкөністермен жемістерді тұтынар алдында мұқият өңдеңіз.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭБ
басқармасының
басшысы.

ЖАТЫР МОЙНЫ ОБЫРЫ: АУРУДЫ ЕМДЕУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ

Жатыр мойнының обыры әйел адамдарда кездесетін онкологиялық аурулардың үштігіне кіреді. Негізінен бұл дертке адам ағзасындағы папиллома вирусы себепкер. Жатыр мойны обырының симптомдары, сатылары және алдын алу туралы оқи отырыңыздар.

Жатыр мойны обыры деген не?

Жатыр мойнының обыры әйелдерде ең көп кездесетін онкологиялық дерттің бірі. Жатырдың төменгі бөлігінде жатыр мен қынапты біріктіріп тұратын мойын, яғни босану жолы бар. Жатыр мойнының обыры 16, 18, 31, 33, 35 немесе 39 түрге жататын адам папилломасының вирусынан туындаған цервикалды интраэпителиалды неоплазия (CIN) нәтижесі болып саналады. Көбіне жатыр мойнының обырына 45-50 жастағы әйелдер шалдығады. Алайда онкологтар соңғы уақытта бұл аурудың жас әйелдерден де анықталып жатқанын айтуда.

Жатыр мойнының обыры алдында қатерлі емес және обыралды процестер болады. Қарапайым эктопия, эндоцервикоз, лейкоплакия, эндометриоз, жатыр мойнының тыртықты деформациясы қатерлі емес процестерге, түрлі деңгейдегі жатыр мойнының дисплазиясы обыралды процеске жатқызылған.

Жатыр мойны обырының пайда болу себептері?

төменгі шегу;
бей-берекет төсек қатынасы;
иммундық жүйенің әлсіреуі;
бұрын болған немесе ағымдағы хламидий және жыныс жолымен берілетін басқа да инфекциялар;
артық салмақ;
үш немесе одан да көп мерзіміне жеткен жүктілік;
жүктілікке қарсы дәрі-дәрмекті ұзақ уақыт қабылдау;
17 жасқа дейін бала көтеру;
ерте басталған жыныстық қатынас;
әлеуметтік төмен статус;
онкологиялық ауруларға, соның ішінде жатыр мойнының обырына тұқымдық бейімділік.

Жатыр мойны обырының белгілері?

Менструалды кезеңнен тыс уақытта қан кету жатыр мойны обырының негізгі белгілерінің бірі болып саналады. Сонымен қатар иісі жағымсыз ақшыл бөлініс, іштің төменгі жағының аурулары, салмақ жоғалту, шаршаңқылық және кейде зәрде қан пайда болуы да осы ауру белгілеріне жатады;

қан кету;
зәр шығару кезіндегі ауырсыну;
менопаузадан кейін қан кету;

төсек қатынасы кезіндегі ауырсыну немесе қан кету;
кіші жамбастағы ауырсыну белгілері;
вагиналды жайсыздық.
Жатыр мойны обырының кезеңдері

Обырдың басқа түрлері секілді жатыр мойны обырының да төрт даму кезеңі бар:

Бірінші саты—ісік жатыр мойнында орналасқан, бірақ жатырға немесе жақын орналасқан лимфалық түйіндерге қарай таралуы мүмкін;

Екінші саты—обыр жатыр мойнынан тыс аумаққа, қынаптың жоғарғы жағына қарай өседі;

Үшінші саты—ісік төменгі қынап, жамбас қабырғаларын зақымдап, зәр шығару жолдарын бұзғанда мүмкін;

Төртінші саты—обыр тік ішекке немесе қуыққа және алыс орналасқан органдарға жетеді.

Диагностика

Әйел адамның гинекологтың тексеруіне тұрақты баруы өте маңызды. Қандай да бір өзгерісті анықтау үшін жатыр мойны обырының дифференциалды диагностикасы қажет. Ол мыналарды қамтиды:

цитологиялық скрининг;
жыныс мүшелерін көзбен шолып тексеру;
кольпоскопия;
жатыр мойнының биопсиясы;
жатыр мойнындағы күдік тудырып тұрған учаскелердегі тіндерге биопсия жасау;
мойын арнасынан қырынды алу;

жыныс жолы арқылы жұғатын инфекцияларға тексеру;
ПТР-диагностика: онкогендік қауіп жоғары АПБ анықтауға арналған тексеру.

Жатыр мойны обырының алдын алу

Жатыр мойны обырының профилактикасы—адамдардағы папиллома вирусына қарсы екпелердің болуы. Бұл екпе интимдік қатынас болмаған кезде жасалады. Ол обыр дертіне шалдығу және АПБ жұқтыру қаупін едәуір төмендетеді.

Жатыр мойнын циологиялық тексеру ең тиімді әдістің бірі саналады. Оны үш жылда бір рет орындау қажет.

Жатыр мойнын тұрақты тексеру - бұл осы аурудың дамуын болдырмаудың негізгі әдісі. Сондықтан барлық қыз-келіншек өз денсаулығына әркез қамқорлық көрсетуі керек.

М.БАЙТАШОВА,
«Созақ аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК акушер-гинекологы.

Тілсіз жауға абай болайық!

Орман өртінің алдын алу әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Өрттің қауіпті маусымының басталуына байланысты тау бөктеріне жапсарлас орналасқан ауыл тұрғындары арасында түсіндіру жұмыстары жиі өткізіліп тұрады. Онда ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға, пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу, сөндірілмеген темекі тұқылын тастауға; кішкентай балаларға күкірт беруге; бөтелке сынықтарын тастауға қатаң тыйым салынатындығы жайлы ескертулердің түсіндірілгенін айтты. Сондай-ақ, өртті болдырмау үшін тыйым салынатын бірқатар іс-әрекеттер де көңінен айтылып келеді. Тау бөктерінде отырған малшыларымызға осы өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы да қағаз жүзінде ескертулер беріледі.

Табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, ағаш шыбықтарын отырғызсақ, келешек ұрпақ алдындағы парызымыздың орындалғаны болар еді.

Фархад МӘУЛЕНОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің күзетші-қорықшысы.

БЖЗҚ Зейнетақы жинақтарының 2025 жылға арналған ең төменгі жеткіліктілік шегі сол деңгейде қалады

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес «БЖЗҚ» АҚ (БЖЗҚ, Қор) жыл сайын, келесі қаржы жылына арналған ҚР «Республикалық бюджет туралы» Заңы ресми жарияланғаннан кейін, бес жұмыс күнінен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ, өзінің интернет-ресурсында алдағы жылға есептелген зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілігі шегін (ТЖШ) орналастыруға міндетті.

Осы талапты орындай отырып, БЖЗҚ 2 жариялап, ТЖШ өлшемдері 2024 жылғы деңгейде өзгеріссіз қалғанын хабарлайды. Естеріңізге сала кетейік, 2024 жылы да ТЖШ мөлшері көтерілмеген болатын.

ТЖШ - бұл ай сайынғы зейнетақыны ең төменгі зейнетақы мөлшерінен төмен емес көлемде қамтамасыз ету үшін қажетті зейнетақы жинақтарының (міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған) ең төменгі мөлшері. Бұл әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге, сондай-ақ, болашақ зейнетақы жарналарының (ең төменгі жалақы мөлшерінен) болжамды есептеулеріне және инвестициялық кірістілікке сүйене отырып анықталатын зейнетақы жинақтарының бағалау сомасы. Басқаша айтқанда, ең төменгі жеткіліктілік шегі - бұл салымшының зейнет жасына жеткенде ең төменгі зейнетақы мөлшерінен кем емес зейнетақы төлемдерін (ең төменгі базалық зейнетақы төлемі есебімен) алуы үшін шотта қалуы тиіс ең төменгі көрсеткіш.

«Созақ үні»-ақпарат.

Орманды тілсіз жаудан сақтайық!

Табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, жойылып кетуден қорғап, жанашырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тал кессең, он тал ек» деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауынды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң-құстарға ықтасын пана беріп, жейтін азық болатынын естен шығармайық.

Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң-құстарға көмегіміз тиісін десек орманымызды сақтайық.

Табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ауданымыздағы мол байлық орманды көздің қарашығындай сақтаған абзал.

Әсіресе өртке өте сақ болуымыз керек. Абайсызда жасалған өрт бүкіл орманды қиратуы мүмкін. Техникалардан шығатын ұшқындарға да абай болуымыз керек.

Сонымен қатар орманды бей-берекет бүлдіруге жол бермеуге тиіспіз. Табиғат аясында қыдырған, демалған кезде қалдықтарды далаға бей-берекет тастау дұрыс емес.

Айналамыздың көрікті болуы бәрімізге байланысты. Тоғай-ормандарды өрттен қорғау-басты назарда болуы міндетті.

Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның тазалығына, орманды жерлердің өсіп-өнуіне баршамыз болып атсалысқанымыз дұрыс. Сондықтан орман өртін болдырмауға сақдай-сай болғанымыз бәріміз үшін маңызды.

Бұл жұмыс тек орман қорықшысының ісі деп қарамауымыз керек. Оған барлығымыз жұмыла кірісуге тиіспіз.

Орман өртін болдырмау өз қолымызда жерлестер!

Шыңғыс БАЙЖАНОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің күзетші-қорықшысы.

Бірге күресейік!

Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуге керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат-құлықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас-жемқорлық-бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын. Сыбайлас жемқорлық- заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің дас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

Айсулу САЙЛАУОВА,
Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет іс-қимылы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әкімшілік туралы» Заң талаптарын «Сөзақ ауданының Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппараты» ММ. қызметкерлері бұзған жағдайда мына 872546/23-3-03, 23-3-43 сенім телефонына хабарласуларыңызға болады.

Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппараты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі—сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет—бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілетін айтады.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге тал-

гершілік пен азғындық (орынды және орынсыз, мейірімділік пен зұлымдық, пайдалы және пайдасыз), құқықтық және құқықтық емес, ақылды және ақымақтық, тамаша және бейберекет призмасы арқылы адами қатынастар әлеміне көз-қарас.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет адамның жоғары моральдық, құқықтық, саяси және басқа мәдениеттер негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра білу қабілетін білдіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қазіргі уақытта шынайы қажетті құбылыс мәртебесін иеленеді, оны әлеуметтендіру процесінде қоғамның барлық әрекетке қабілетті мүшелері

гершілік тойтарыс, төзбеушілікті туындатуы тиіс;

—құқықтық құндылықтарды жоққа шығару, заң мен тәртіпті құрметтемеуді білдіретін құқықтық нигилизмді жою (латынша nihil — ештеңе);

—құқықтық жаппай оқу арқылы құқықтық білім мен тәрбиені қамтамасыз ету.

Сыбайлас жемқорлықсыз қоғамды құруда отбасынан алынатын тәрбиенің маңызы зор. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттау қоғамның түрлі салаларын қамтиды, оның ішінде, әсіресе, білім беру мекемелеріне жүктелетін жауапкершілік аса жоғары. Еліміздің сыбайлас жемқорлыққа

Жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

пынуы болып табылады.

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар: жемқорлықты әлеуметтік зұлым ретінде тани білуі, сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың феномені болып табылады.

Қоғамдық сананың әртүрлі нысандары бар, олардың көмегімен адамдар оларды қоршаған табиғатты, қоғам мен өздерін сезінеді. Моральдық (адамгершілік) саяси, құқықтық, эстетикалық, діни сана болып бөлінеді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана» ұғымы қоғамдық сананың барлық нысандарын қамтиды. Бұл интерактивті ұғым, себебі ол өзіне әртүрлі ғылым саласынан ақпаратты сіңіреді, әртүрлі оқу пәндерінде зерделенеді және ол туралы білімді тұжырымдауда зерттелетін құбылысты түсінудің жаңа деңгейіне шығады. Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қоғамдық сананың өзге де нысандарымен тікелей өзара байланыста болады және қоғамдық санаға тән барлық қасиеттер және сипаттамаларды меңгереді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана — бұл адамдардың сыбайлас жемқорлыққа әлеуметтік зұлымдық ретіндегі қатынасын білдіретін ұғымдар, теориялар, түсініктер мен сезімдердің, көзқарастар мен эмоциялардың жиынтығы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана адамгершілік және адамгершілікке жат қылықты, құқықтық және құқықтық емес, заңды және заңсыздықтың шегін көрсетіп береді. Ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты қамтамасыз ету үшін моральдық-адамгершілік, идеологиялық, құқықтық шараларды талап етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет—бұл жаппай сана және оның жекелеген элементтері емес. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет—сыбайлас жемқорлықты қабылдамау негізінде жататын осы жүйемен тіпті сәйкес келмейтін құндылықтар жүйесі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет — адам-

игеруі тиіс. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім—тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі».

Сондай-ақ, жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің толық қалыптасуы үшін бірқатар шарттар керек екендігі сөзсіз. Ол үшін, ең алдымен тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мынаны көздейді:

—сыбайлас жемқорлықтың мәні, оның мазмұны, мақсаттары, субъектілері, нысандары мен түрлері, іске асыру салалары, қоғам өмірінің барлық саласында көріну ерекшеліктері туралы түсінік;

—моральдық-адамгершілік, этикалық мәдениетті тәрбиелеу;

—құқықтық сауаттылық негіздерін қалыптастыру;

—қоғам мүшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық уәжін ынталандыру;

—мүдделер қақтығысының барлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру.

Осыған байланысты мыналар қажет:

—сыбайлас жемқорлыққа саналы қатынасты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтарға моральдық «иммунитетті» қалыптастыру және осының негізінде сыбайлас жемқорлықты еңсеру бойынша құзыреттерді дамыту;

—Қазақстан азаматтарының мінез-құлқы моделін қалыптастыру, бұл ретте «сыбайлас жемқорлық» сөзінің өзін қабылдамау, адам-

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің қызметкерлері бұзған жағдайда 8-(725)-46-4-16-05 сенім телефонына хабарласуларыңызға болады.

Аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік мекемесі.

қарсы іс-қимыл бағдарламасында: «Отбасы және білім беру саласы бұл үдеріске мүдделілік таныта отырып қатысуы керек. Бұл жұмысты мектепке дейінгі бала тәрбиесінен бастаған абзал», делінген.

Мұнда өскелең ұрпақтың жастайынан құқықтық санасы мен мәдениетін қалыптастыру, отансүйгіштік бағыттағы құндылықтар негізінде тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. Өйткені, азаматтардың өз құқықтарын жақсы білуі қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасуына бірденбір ықпал ететін фактор болып табылады. Еліміздің әрбір азаматы қандай да бір заңнаманы сәйкесінше қолдана білсе, мемлекеттік қызметкердің өз лауазымын заңсыз қолдануына жол бермесе, яғни заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін тиімді қолданса еліміз дерттен арылып, әлемдегі дамыған елдер қатарынан орын алуына үлкен үлес қосылар еді.

Мұның бәрі елімізде құқықтық мемлекеттің іс жүзінде орнауына, заңның үстемдігіне, әр адамның қауіпсіз өмір сүруіне, қоғамдық тәртіптің нығаюына, әлеуметтік ахуалдың жақсаруына, ең бастысы ұлттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және тұрақты дамуға жеткізеді. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор.

Жалпы айта келгенде, егер сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың этностық ерекшелігі ретінде ұлттық мәдениетті мысалға алсақ, отбасында балаларды еңбекке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу дәстүрі әрқашан да болған. Сондықтан отбасында ұлттық тәрбиенің негізі, адамгершілік пен іс-әрекеттің өзегі ретінде адал еңбек басым болуы тиіс. Сонда ғана отбасы деңгейінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тосқауыл қоя аламыз. Бұл тосқауыл осы мәселені заңдық реттеуге қарағанда мықтылау, тиімдірек.

Сонымен қатар, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда этникалық ерекшеліктерді негізге алу еліміздің әлеуметтік-мәдени дамуы мен руханы жаңғыруына, мемлекетіміздің алға қойған стратегиялық бағыттағы жоспарларына қол жеткізуге, мәңгілік ел болып қалыптасуына маңызды жағдайлар туғызатындығы сөзсіз.

Ерлан РАЙЫМҚҰЛОВ,
аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Сөзақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:

Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылғанымен, ақпарат агенттігінің және желілік басылғанды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3200 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.